

Қатысқандар:

1. Маринова Марина Федоровна – кеңес төрайымы
2. Есентаева Дина Танатаровна – кеңес мүшесі
3. Алманиязов Асан Болатович - кеңес мүшесі
4. Елюбаев Мирболат Айгалиевич - кеңес мүшесі
5. Маринова Валентина Викторовна – кеңес мүшесі
6. Битімбаева Әсемгүл Нұрланқызы - кеңес мүшесі
7. Каналина Лаура Алибекқызы – кеңес мүшесі

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. 2024-2025 оқу жылындағы мектеп формасы туралы

Тыңдалды:

Жұрмағамбет Қ.Қ. - мектеп директоры.

Жаңа оқу жылында мектеп формасына қойылатын талаптар өзгермейді. ҚР “Білім туралы” Заңының 47 – бабы 15-1- тармағына сәйкес орта білім беру ұйымдарында оқушылар білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті. Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар, ата-аналар мен оқушылардың міндеттері мектеп Жарғысында, сонымен қатар білім беру қызметтерін көрсету туралы келісімдерде әрбір оқушының ата-аналары мен заңды өкілдері қол қойған ішкі тәртіп Ережелерінде бекітілген.

2024-2025 оқу жылындағы 1-9 класс оқушыларына арналған мектеп формасы:

- Ер балаларға: ақ түсті жейде, қою көк түсті кеудеше (жилет), қою көк түсті классикалық шалбар, қара немесе қою көк түсті классикалық аяқ-киім.
 - Қыз балаларға: ақ түсті жейде, ақ түсті бантик, қою көк түсті кеудеше (жакет), қою көк түсті белдемше (юбка), ұзындығы тізеден төмен болуы тиіс.
- Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға рұқсат етілмейді және жарақаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарлар киюге тыйым салынады.

Алманиязова Э.А. – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

27.07.2007 жылғы ҚР «Білім туралы» Заңының 5 бабы 14-1 тармақшасына сәйкес жасалған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы « Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» № 26 бұйрығының 2 бабы 13 тармағына сәйкес - Мектеп формасына түрлі конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды. Орта білім беру ұйымында кез келген діни конфессияға қатынасын білдіретін діни киімдерді (хиджаб, никаб, бурка, паранжа, сикх тюрбандары және иудей кипа-бас киімдері және т.б) және кез келген діни атрибуттарды (белгілерді) киюге тыйым салынған.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы № 483-IV Заңының 3 бабына, 7 тармағына сәйкес Ешкімнің де өз діни нанымдары себептері бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқ. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы № 483-IV Заңының 3 бабы, 4 тармағына сәйкес - діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады.



Маринова Валентина Викторовна: Ата-аналар мектеп формасына қойылған талаптарды орындау міндетті. Қыс мезгілінде бір түсті жейде кісе жақсы болар еді.


Битімбаева Асемгүл Нұрланқызы: Ата-ана ретінде мектеп формасына көңілім толады. Мектебіміздің оқушылары мектеп формасын үнемі киеді, класс жетекшілер тарапынан қадағалау бар. Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен, спорттық аяқ киімнен (крассовка, кеды) тұрады.

Кеңес мүшелері белгіленген мәселе бойынша ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Мектепте мектеп формасы талапқа сай болу керектігі ата-аналарға ескертілсін.

2. Мектепке хиджаб, орамал, паранжа, қалпак, әр түрлі түсті орамалдар салуға, алка, моншақ тағы басқа заттарды тағуға тиым салынатындығы ескертілсін.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы :  М.Ф.Маринова
Хатшы:  Э. А. Алманиязова

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:  В.В.Маринова
 А.Алманиязов
 М.А.Елюбаев
 А.Битимбаева
 Л.Каналина
 Д.Т.Есентаева